

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

ОӘЖ 323/324(574)(03Б.3)

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМІЗДІҢ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ

Жұмағазы Б.Е., 1 курс, қаржы мамандығы, экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Абжанова А.К., экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіз – әлемдегі ең құдіретті сөз. Ел еркіндігі. «Тәуелсіздік пен егемендік» – деген егіз ұғым десек, «тәуелсіздік» атты киелі ұғымның қайғы-қасіретсіз келмегенін жадымызда ұстасақ, келешегіміздің жарқын болатыны сөзсіз.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы оңайлықпен келген олжа емес. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі (тәуелсіздікпен мемлекеттің егемендегі туралы) заң қабылданды. Ескеретіні КСРО құрамындағы елдер ішінде ең соңғы болып Тәуелсіздігі туралы заңды Қазақстан қабылдады. Қазақстан Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып Америка Құрама Штаттары, ал мұсылман елдерінде-Иран мойындаған болып саналады.

Ал, біз Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда өз елшілігін орнатқан алғашқы мемлекет-Түркия болып саналады. Бұл деректерді бізге елдің саясат тұжырымдаларының авторларының бірі Вячеслав Гиззатов келтірген.

Небәрі бірнеше аптаның ішінде Қазақстан Тәуелсіздігін көптеген елдер мойындап, Дипломатиялық келісімдер жасауға бетбұрды.

Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 30 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербез ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды [1].

Ата-бабаларымыз аңсаған арман, батырларымыз жүрегіне құрыштай қатты міндет, борыш болып ұялады. Бүгінгі бейбіт күніміз соның дәлелі. Ертеден егемендік лебін, тәуелсіздік тұғырын, азаттық жолында талай ата-бабам өз жанын беріп, жүрегінде үміт отын ұялатып кетті.

Сол сары үміттің оты маздап, ұлтшылдық жүрегіне патриоттық сезім сыйлап, бүгінгі тәуелсіз егеменді ел болдық. Мұның өзі оңайшылықпен келген жоқ. Қуаныштан гөрі соры мен қатыгезі арылмайтын сарын уақытын әр азаматтың жүрегіне оттай басылады. Жиырма-сыншы жылдардағы аштық, бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы көтеріліс, Ұлы Отан соғысы, Семей ядролық полигоны мұның бәрі тағдырдың салған залалы мен ауыртпашылығы болды.

Бірақ, қатаң уақыттардан кейін бейбіт өмірге аяқ бастық. Осынау, Еуразия жүрегіндегі Қазақстан аты шыққан жүрегінің түкпірі сыздап қоя беретін отаншыл, ұлтшыл азаматтардың бірімін. Бүгінгі бейбіт заманның өкілімін.

Иә, Тәуелсіз ел ретінде бізді бүкіл әлем тани бастады. Елбасымыздың жүргізген нық саясаты жеті жұлдыздай жарқырап тұр. Дамыған елдермен жүргізген конфессия аралық диалогының арқасы, бүгінгі күннің жемісі.

Жүзжылда емес, небір жиырма жылда көркейген – қазақ елін әлем елі мойындады. Төртгүл дүниені қай жағынан болса да тамсандырып, тарихымыз бен руханиятымызға көңіл

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

бөлген әлем жұртшылығы мемлекетімізбен жақынырақ танысып, араласқысы келеді. 30жыл ішінде көркейген елордамызға тамсана қарайды.

Әлем елдері тізімінде жаңа мемлекеттің аты жазылды. Қаншама жылдар бойына тәуелсіздікті армандап келген ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды. «Тарихты жеңген жазады» дейді емес пе, ендеше біздің ғасырлар бойы күрескен жеңісіміз көрінді.

Ұлттық валютасы, әнұраны, туы және елтаңбасының пайда болуы көгінде қыран еркін шарықтаған Қазақстанның ешкімге бағынышты емес екенін дәлелдеді.

Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі емес пе? Осыны ескерген көреген Елбасымыз мемлекеттік тілді қазақ тілі деп бекітті. Тәуелсіздік алуымыздың арқасында қаншама жыл бойы езгіге түскен ана тіліміз қайта жаңғырды.

Кеңес Одағының құрсауынан босап, қыстан тұралап шыққан малдай, әлсіреген қазақ халқы ендігі кезеңде жаңа өмірге, өзгеше кезеңге аяқ басты.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынтымақтасуының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген сөздері ата-бабамыздың бойына біткен керемет қасиеттің құндылығы қашан да алға жетелеп, тәуелсіздікке алып келгенін көрсетеді.

Тәуелсіздік таңы атқанына міне 30 жыл толып отыр, осы уақыт ішінде Қазақстан өзін күллі әлемге танытып үлгерді. Аз ғана мерзімде мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты да көреген саясатының нәтижесі ретінде орнады.

Экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен арадағы қарым-қатынастар реттеліп, халықаралық саудаға шығуға мүмкіндік алды. Жастардың шет елдерде оқуға, сол жерде алған білімін Отанында қолдануға мүмкіндіктері пайда болды. Қазіргі таңда спорттан ұйымдастырылатын олимпиада, спорттық ойындарда қазақстандық бауырларымыз жоғары орындардан көрініп, ел беделін көтеруде, еліміздің әнұраны бүкіл әлем алдында жиі ойнатылып Қазақстан деген мемлекет күннен- күнге әлем үшін жаңа белестерден көрінуде.

Елбасымыздың бастауымен Астананың негізі қаланып, бүгін адам танымастай өзгеріске ұшырады, әлемдегі мемлекеттермен келісімшарттар жасалатын, жиналыстар өткізілетін заманауи шаһар қалыптасты[2].

Көпжылдық тарихында толық еркіндігі болмаған еліміз ХХІ ғасыр табалдырығында осылайша тұғыры биік бейбіт мекен ретінде көрініс тапты. Тәуелсіздігіміз жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік.

Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенделердің тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік ету бақыты пайда болды емес пе?

Мен сияқты өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы ұшан-теңіз екендігіне сенімім мол.

Мен осындай елде туып-өскенімді мақтан тұтамын. Басқалардың қолы жете бермейтін тәуелсіздіктің бізге келгені-үлкен мақтаныш, дәреже, бақыт.

Бүгіндері Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Ата-бабамыздан қанмен

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелейтіні анық.

Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы ескен осы кезеңнің баянды болатынына кәміл сенемін.

Арманымыз бен болашақ мақсаттарымызға қиял бітірген, Тәуелсіздігіміздің жолында халқымыз бұралаң-бұлтарысы көп жолдан аман шығып, ел саясаты реттеліп, көркейген шағымыз алдағы табыстарымыздың айшықты айнасы болғай!

Қиялыма қанат бітірген, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына мына шумақты арнаймын.

Ел еңсесін көтеретін күн туды,
Әлем білді қайсар «Қазақ» ұлтымды.
Тарихымның бетін бүгін парақтай,
Санама кеп салиқалы сыр тұнды.

Әр қазақтың тілегі ғой қашанда,
Байыппенен белді буып, бас алға.
30 жылдың желегінде қол бұлғай,
Ғасырларым күлімдесін тасаңда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ойнет жаңалықтарсайты: <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=36&id=15289> © Oinet.kz

2. <https://martebe.kz> «tauelsizdik...» Тәуелсіздік туралы эссе Martebe.kz білім сайты <https://martebe.kz> «tauelsizdik»

ӘОЖ 323(574)

ҚАЗІРГІ ҰРПАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ

Нуртаева А.Н., 1 курс, қаржы мамандығы, экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Абжанова А.К., экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

«Жастар кез-келген қоғамның ажырамас бөлігі ретінде, қоғамды модернизациялау мен тұрақтандырудың көптеген процестеріне қатысады, болып жатқан өзгерістердің өзіндік көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар болашақ инновациялық қоғамның әлеуетін қалыптастырады». Бұл жұмыстың мақсаты-қазіргі жастардың құндылықтарын, оның қалай өмір сүретінін, не ойлайтынын, не нәрсеге ұмтылатынын анықтау. Құндылықтар жеке тұлға мен қоғам жүйесін біріктіруде маңызды рөл атқарады.

Тәуелсіздік дәуірі қарлығаштарының алды 30-ға таяды. Бұл кезеңде жастар білім алып, тәжірибе жинақтап, тіпті кейбірі ақыл тоқтатып та үлгереді. Қазіргімізде 14 пен 29 жасарасындағы 4 миллионғатарта жас бар. Жастар-болашақтың негізін құрайтын өте кең әлеуметтік-демографиялық топ. Қоғамның болашақ өмірі, оның мәдени және материалдық тұрғыдан дамуы қазіргі жастардың қалауына толығымен байланысты. Сондықтан қазіргі жастардың құндылықтары туралы мәселе барған сайын маңызды бола түсуде.